адрес: ЮКО,Ордабасинский район,с.Темирлан,
ул.Кажымухана №47.
эл.почша:send_quickly@mail.ru
тел:8-700-640-70-70

исх№014
дата:05.04.2018г.

Оңтүстік Қазақстан облысы
прокуроры Н.Әбдіровке

Қазақстан Республикасы
қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаметінің басшысы
Б.Көшербайға

"Карат-Z"ЖШС-гі нен
БИН:020940003169

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті Батырбек Көшербай, біз,"Карат-Z"ЖШС-гі **"САЙРАМ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ" ММ-сі** ұйымдастырушы болып табылатын конкурс **№2252376-1** ашық конкурс тәсілімен өтетін **"ОҚО, Сайрам ауданы Көлкент а/о, Оразалиев ау. су құбырларын орташа жөндеу "** мемлекеттік сатып алуына наразылық білдіреміз.

Тоқтала кеткек,ұйымдастырушы хабарландыру атауын **су құбырларын орташа жөндеу** деп жариялаған.Алайда **су құбырларын орташа жөндеу** деген жұмыс түрі жоқ,және ешбір заңнамалармен және тәртіптермен айқындалмаған. Аталған жұмыстың сметалық құжаттамасын зерделей карасақ ешбір құбырларды жөндеуге қатысты жұмыс түрлері жоқ.Және де Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес: **Параграф 13.** *Конкурсқа қатысуға өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі:* **174. Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен**

жобалау-сметалық құжаттамада (жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжат) көрсетілген бағадан бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.-деп көрсетілген.Яғни әлеуетті өнім берушілер жобалық-сметалық құжаттамасы сараптамадан өткен жұмыстарға немесе автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына 5-пайыздан төмен тастаған соммасына Заңның 26-бабына сәйкес сомма құятындығы айқындалған.Алайда аталған конкурстың қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес 5-пайыздан төмен баға берген әлеуетті өнім берушіге 26-бабына сәйкес сомма құятындығы міндеттелген.Бірақ бұл жұмыс түрі сараптамадан өтпеген.Ұйымдастырушы аталған конкурсты жариялау барысында ,веб-порталдың лот бөлігінде жұмыс атауын: **Работы по ремонту/реконструкции систем водоснабжения/водопровода**-деп таңдаған.Осы себептен 5-пайыздан төмен тастаған соммаға демпингтік деп танылуда.Себебі мемлекеттік сатып алу веб-порталында **"су құбырларын орташа жөндеу"** деген жұмыс түрі жоқ.Ұйымдастырушының аталған су құбырларын орташа жөндеу деп хабарландыру беруі, артық талап қою мақсатында деген пікірдеміз.Аталған жұмыс түрі конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертпе бөлігінің 1-тармағына сай атауда жариялануы қажет.Және ұйымдастырушының аталған жұмыс түрін орындауға лицензиясы бар әлеуетті өнім берушілерден материялдық және еңбек ресурстарын сұрауы заңсыз.Алайда "Карат-Z"ЖШС-гі ұйымдастырушы сұраған материалдық ресурстарын толық ұсынған болатын. Бірақ ұсынған материалдық ресурстарымыздың ешбірін есепке алмаған Осылай аталған конкурста конкурстық комиссия мүшелері біліктілік талаптарына сай деп 1-ғана әлеуетті өнім берушіге яғни: "Essential building" ЖШС-гі не рұқсат берген.Ұйымдастырушы материалдық ресурстарды толық ұсынған әлеуетті өнім берушілерді айқындау барысында да заңсыздыққа жол берген.Атап айтқанда "Essential building" ЖШС-гі ұсынған, **"УМР" ЖШС**-гі нен жалға алған **"Передвижная электростанция ДЭС-60"**- материалдық ресурсын **"Карат-Z"ЖШС**-гі алдын ала жалға алу келісім шартын негізге алып ұсынған болатын.Бірақ Essential building" ЖШС-гі ұсынған, **"УМР" ЖШС**-гі нен жалға алған **"Передвижная электростанция ДЭС-60"**-ті жалға беруші **Essential building" ЖШС**-гі арасындағы келісім шартты растамауда.Осыған орай ұсынған ақпаратының растығын тексеруді қажет етеді.

Қорытындылай келе, аталған жұмыс түрлері су құбырларының орташа жөндеуге жатпайтындығын,сметалық құжаттамада су құбырларын жөндеуге қатысты жұмыстар жоқтығын, "Карат-Z"ЖШС-гі аталған жұмыстарды орындауға лицензиясының бар екендігін, жәнеде материалдық ресурстарды толық ұсынғанын , өтінім беруші әлеуетті өнім берушілер арасындағы ең төмен баға

беруші екендігін ескере отыра, мүмкін болған жағдайда қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауды,немесе бұзуды сұранамын. Мемлекеттік сатып алулар заңының негізгі принциптерінің бірі болып табылатын, мемлекеттік қаржыны оңтайлы жұмсау мақсатында төмен баға берушілердің құқығын заңсыз шектемеуді сұранамын.Және де конкурстық комиссия мүшелеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 207-бабының 5-тармағына сай әкімшілік жаза қолдануыңызды сұранамын.

Директор
ТОО"Карат-Z" Ж.Д.Нупбаева